

## 5 жылда 5 миллион катодты мыс табағы өндірілді

Жуырда Өскемен металлургиялық кешенінің мыс электролизі цехы конвейерінде катодты мыстың 5 миллионыншы табағы өндірілді. Осылайша, шығысқазақстандық металлургтер «Қазмырыш» тарихының тағы бір жарқын белесі болған мыс зауытының алғашқы 5 жылдық мерейтойын лайықты қарсы алды. Мыс зауыты бес жыл бұрын «Жаңа металлургия» атты ауқымды жоба аясында іске қосылған болатын. Яғни, Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты құрылған кезден бері, одан кейінгі «Қазмырыштың» уақытымен қоса алғанда кәсіпорын төртінші мәрте жаңа тауарлы өнімді өндіріске шығарды. Айталық, 1947 жылы – мырыш, 1952 жылы қорғасын өндірістері іске қосылса, 1992 жылы бағалы металл өндіру қолға алынды, ал 2011 жылы мыс зауыты жұмыс істей бастады.

Жаңа зауытта бағасы үстемеленген өнім – М00К жоғары маркалы катодты мыс шығарылуда. Жобаны жүзеге асырар кезеңде үздік технологияны таңдау міндеті алға қойылып, 14 елдің (Германия, Швеция, Финляндия, Бельгия, Канада, Жапония, Қытай, Ресей және басқалар), сонымен бірге, қазақстандық жетекші зауыттардың жұмыс тәжірибесі сараланды. Қорытындысында, мамандар экологиялық тұрғыдан қауіпсіз және заманауи Isasmelt технологиясына тоқталды.



Әдетте, әлемде мұндай зауыттарды құруға 10 жыл уақыт жұмсалады. «Қазмырыш» зауыт құрылысын 3 жылда салды. Бес мыңнан астам адам бір іске жұмылдырылды. Технологияны таңдау, жобалау, есептеу, құрылыс, барлығы бір уақытта жүрді. Жұмыс істеп тұрған өндіріс бір минутқа тоқтамай, қысқа мерзімде экологиялық таза, толығымен автоматтандырылған бірегей өндіріске айналды. Құрылысқа пайдаланылған технологиялар сол кездегідей әлі де әлемдегі ең озығына жатады.

– 5 жыл бұрын катодты мыстың тұңғыш табағы өндірілді. Бұл мыс зауытының ашылуы ғана емес, отандық металлургияның жаңа деңгейге шығуы, үлкен серпілісі болды. Ерекше оқиға Тәуелсіздігіміздің 20 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келді. Биыл Тәуелсіздікке – 25 жыл. Шырқау биіктерді бағындырған 25 жыл. Бұл биікті бағындыру үшін көп күш-жігер, төзімділік пен білім жұмсалды. Біз бағындырған

биігімізде тоқтап қалмауымыз керек. Ұмтылыс жаңа жеңістерге бастайды. Мен зауыттың маңызды міндеттерін шешуде ерен еңбегімен бірге үлкен жауапкершілік пен түсіністік танытқан әр жұмысшыға, маманға, жетекшіге шынайы алғыс айтамын, – деді Өскемен металлургиялық кешенінің директоры, «Қазмырыш» ЖШС металлургия бойынша атқарушы директоры Тұрарбек Әзекенов. Осыдан кейін жоғары сапалы мыс өндіруде 5 жыл бойы тығыз байланыста жұмыс істеген компанияның үш бөлімшесінің өкілдері конвейер нүктесін салтанатты түрде басты.

Тұғырға мыс зауыты электролиз цехының технологы Азамат Тұспаев, «Қазцинк-Автоматика» өндірістік кешені қызметінің жетекшісі Владимир Лепехин және «Казцинк-Ремсервис» ЖШС сервистік қызметінің №8 телімінің жонұшы-жөндеушісі Аркадий Андреев көтерілді. Салтанатты сәт! Конвейерден шыққан мерейтойлық өнім тұғырға орнатылды. Қазмырыштықтар 5 миллионыншы өнімге зор қошемет көрсетті. Конвейерден шығып, ыстық-суығы басылмаған мерейтойлық мыс табағымен естелік суретке түсуші металлургтердің қатары қалың болды. «Казцинктех» ЖШС директоры Сергей Москаленко «5 жыл – адам өмірі тұрғысынан қарасақ, ес біліп қалған баланың жасы. Ал құрылыс жағынан келгенде, мәселен, біз үшін мыс зауыты баламыз іспетті. Оған бойымызда бар жақсылықтың бәрін бердік. Сондықтан, біздің үмітімізді ақтайды деуге болады. Мыс зауыты – мақтанышымыз! Біздің өнім әлемдегі сұранысқа ие танымал өнімдердің бірі болады», деді ішкі толқынысын ірікпей.

– Біз қоспасы көп күрделі шикізатты өндейміз. Дегенмен, түрлі кезеңдегі тазалау сатысы бізге М00К жоғары маркалы мыс өнімін алуға мүмкіндік береді. Бұл мақтануға тұрарлық дүние. Көп жұмыс істелінді, алдымызда атқарылуы тиіс шаруа да көп. Ең бірінші әрі маңызды мақсат – жұмыстың қауіпсіздігі болса, екіншісі жылына 70 мың тонна өнім өндіру қуатына жету. Бұл міндетті толығымен орындадық. Мыс зауытының әрі қарай технологиялық үдерісті жетілдіру және өндіріс қуатын 87,5 мың тоннаға дейін жеткізу бойынша белгіленген жоспарлары бар, – деді мыс зауытының директоры Дмитрий Тилиляев.

«Үлбі» орталық демалыс үйінде өткен кеште «Kazzinc Holdings» ЖШС директорлар кеңесінің төрағасы Никола Поповичтің мыс зауыты жобасын жүзеге асыруды «Ақыл-ой жетелеген сенім салтанаты» деуі бекер емес. Н.Попович кезінде «Жаңа металлургия» жобасының бастамашысы әрі жандандырушысы болған еді. Сондай-ақ, мыс құрамды жеке шикізатты қайта өндейтін зауыт салу туралы идеяның авторы. Идея өте ауқымды болғандықтан, бастапқыда оны жүзеге асыру мүмкін еместей көрінген. Алайда, «Қазмырыш» ұжымының алмайтын асуы жоқ екенін уақыт дәлелдеді. Төраға зауытты жобалаушылар мен салушыларға, барлық жұмысшыларға ризашылық білдірді. Сонымен бірге, жобаны жүзеге асыруға жанын салып еңбек еткен, дүниеден озған әріптестері – Өскемен металлургиялық кешенінің директоры болған Хамит Жақыпов пен мыс зауытының директоры қызметін атқарған Ербол Иманқұловты еске алды.

Бір ерекшелігі, аталған зауыттың құрылысы әлемдік экономикалық дағдарыс кезеңінде басталды. Жобаның ауқымы мен миллиард долларға жуық қаржы құйылуы әлемдік қоғамдастықты таңғалдырған еді. Осы орайда Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Бұл бірегей оқиға біздің мемлекетімізге ғана арналған жоқ. Әлемнің бірде-бір елі соңғы жылдары өнеркәсіптік кәсіпорындарды дамытуға мұндай инвестиция құйған емес» деген болатын.

Бұл кеште мыс зауытының ұжымын құттықтаушылар қатары көп болды. Сергей Москаленко Дмитрий Тилиляевке зауыттың алдағы мерейтойларға табыспен жетуі үшін «5 жыл» сөзі жазылған символдық кілт сыйлады. Ал зауыт басшысы 10 миллионыншы табақтың 10 жылдыққа жетпей конвейерден шығатынына әріптестерін сендірді. Мыс зауытының 32 қызметкері «Қазмырыш» ЖШС, Өскемен металлургиялық кешені, «Қазцинк-Автоматика» өндірістік кешені, «Казцинк-Ремсервис» ЖШС, «Казцинк-Транс» ЖШС жетекшілерінің марапатына ие болды. Сондай-ақ, инженерлер мен жұмысшылар да өз лебіздерін білдірді. Мәселен, мыс балқыту цехының балқытушысы

Сәлім Қабдұлашев зауыт құрылған алғашқы күннен бері еңбек етіп келеді. Әсіресе, зауытты іске қосар кезде оңай болған жоқ. Тәжірибе жинақтадық, жаңа технологияны үйрендік. Бүгінде жүріп өткен жолымызбен мақтанамыз, деді ол. Қазіргі кезде жас кәсіпорынның өз дәстүрі де қалыптасып үлгерген. Мәселен, ауысымдар арасында маңызды өндірістік көрсеткіштер бойынша жарыс ұйымдастырылады. Тоқсан қорытындысы бойынша үздік мамандар мен қызметкерлерге құрмет көрсетіледі. Қызметкерлер мыс зауытының менеджері Нараин Лал Гойал сияқты тәжірибелі шетелдік мамандардан технологиялық үдерістерді енгізуді үйренуде. «Мен мыс зауытының өзінің табысты жолын жалғастырып, таяу жылдары әлемдік мыс өндірісі жетекшілерінің біріне айналатынына сенемін», дейді шетелдік менеджер. Жас кәсіпорын болғанына қарамастан, зауыттың кішігірім жеңістері мен өз еңбек әулеттері қалыптасып үлгерді. Жуырда Рыстов (жалпы еңбек өтілі 7 жыл) және Алдиярханов (жалпы еңбек өтілі 10 жыл) әулеттері «Әулет куәлігін» алды. Мыс электролизі цехында жұмыс істей жүріп танысқан жастар Федор Малышев пен Светлана Останина көңілдері жарасып, отбасын құрды. Олардың шаңырағында 4 жасар Богдан есімді ұл өсіп келеді. Жас қызметкерлер санатындағы ауысым шебері Алина Жаныкина мен мыс электролизі цехының су ерітіндісі электролизшісі Дмитрий Герасимов «Жас металлургтер антын» қабылдады. Бұл да алдағы уақытта зауыттың өз дәстүрі болып берік орнығады. Мыс зауытының өз әнұраны бар екенін де айта кеткен ләзім. Мерейтой салтанаты металлургтердің осы жаңа әнұранымен аяқталды.

**Думан АНАШ,**

**«Егемен Қазақстан»**

<https://egemen.kz/2016/08/13/56189>

## We've Done It!

The 5-millionth copper cathode produced in the Copper Refinery was a trigger for celebration of the first anniversary of UKMC Copper Plant. Another page in Kazzinc's history has been turned.

Five years ago the Copper Plant was put into operation as a part of a unique New Metallurgy project. It is for the fourth time in the history of Ust-Kamenogorsk Lead and Zinc Plant further reorganized in Kazzinc Ltd, when production of an entirely new commodity began from scratch. In 1947, 1952 and 1992 Zinc and Lead Plants and the Precious Metals Refinery were commissioned, respectively. Production of M00K grade copper cathodes started in 2011 when the Copper Plant was put into operation.

Selection of a copper production process was a top priority at the pre-design stage. The practical experience of the leading copper manufacturers in 14 countries (Germany, Sweden, Finland, Belgium, Canada, Japan, China, Russia, Kazakhstan, etc.) was studied and the most advanced and environmentally friendly Isasmelt process was chosen.

As global practice shows, the construction period of similar projects is 10 years and more. But in case of Kazzinc it had taken but three years to finish the construction. A team of over 5'000 people worked together. Selection of production processes, engineering and design, calculations and estimates were performed concurrently. The environmentally friendly and fully automated unique production was launched within an extremely short timeframe at the site where the existing operations did not stop not even for a minute. The construction approaches used in the project are still among the most advanced construction processes in the world.

‘When five years ago the very first copper cathode was produced, it was not just a day of birth of our Copper Plant. It was a breakthrough. It was Kazzinc's advancement to a new level of metallurgical production’, Turarbek Azekenov, Kazzinc Executive Director, Metallurgy said when addressing the Copper Plant team. ‘This outstanding event coincided with the celebration of the 20<sup>th</sup> Anniversary of Kazakhstan's Independence and we all feel great that our metallurgists are a part of this event, too. Implementation of this project really needed a lot of efforts, patience and competence and now we are all proud of the result. We are not going to rest on the laurels and look for new heights. I say ‘thank you’ to every worker, every supervisor and every manager who worked with maximum responsibility and understanding of the challenges facing the Plant. Let's press the START button!’

The representatives of three Kazzinc subsidiaries who have been for five years hand in hand in high grade copper production were entrusted to press the START button.

They were Azamat Tuspayev, a process engineer from the Copper Refinery, Vladimir Lepekhin from Kazzinc Avtomatika and Arkady Andreyev, a service maintenance technician from Kazzinc Remservice.

It was a crowning moment when the 5-millionth copper cathode was taken from the conveyor belt and installed on the pedestal amidst the applause of Kazzinc people.

‘Five years in human life is a child age’, Sergey Moskalenko, Director of KazzincTech and the-then New Metallurgy Project Director said. ‘The same is with the Copper Plant – it is our child and we tried to give it the best we could. And today I would say it meets our expectations. I congratulate all of you with this event! Let our Copper Plant always be the pride of Kazzinc and our copper be globally known and enjoying global demand!’

Once the 5-millionth copper cathode was ready, it became extremely popular – everyone wanted to be photographed with it as if it were a Hollywood star. This historic moment will long be remembered.

‘Though today we process the complex feed with high impurities, our refining capacities allow producing M00K grade copper cathodes, and we are proud of this achievement’, Dmitry Tililyaev, Director of Kazzinc Copper Plant says. ‘Much had been done, and much still needed to be done. The number one and number two priorities

are safety and ramping up to the design capacity, i.e. 70'000 tpy copper cathodes, respectively. These goals are quite realistic. We are also looking for process improvements and increase in production to 87.5 thousand tpy'.

Nikola Popovic, the Chairman of Kazzinc Holdings and a guest of honor at the Copper Plant anniversary meeting held in Ulba Entertainment Center, called the implementation of the New Metallurgy Project 'the triumph of optimism over reasoning'. He was an initiator of the plant construction to process Kazzinc own copper-bearing feed. It was an ambitious idea that seemed unfeasible at the very beginning. But time proved that Kazzinc was well positioned to achieve the most ambitious goals. When speaking at the anniversary meeting, Nikola Popovic greatly appreciated the efforts made by all Copper Plant team and by those involved in engineering and construction of this industrial masterpiece. The meeting observed a minute of silence for those who had contributed a lot to the joint efforts but are no longer alive – Khamit Zhakupov, the then director of Ust-Kamenogorsk Metallurgical Complex, and Yerbol Imankulov, the then director of the Copper Plant. It should be noted that construction started during the global economic crisis, and the financial world was impressed by the cost of the project – almost one billion US dollars. 'This project is unique not only for Kazakhstan. Over the recent years no other country has invested so much in industrial development', said Nursultan Nazarbayev, the President of the Republic of Kazakhstan.

Not only Nikola Popovich, but many others presented the gifts to the heroes of the day. Sergey Moskalenko handed over a symbolic key with a '5 Years' mark to Dmitry Tililyaev – he expressed a hope that Kazzinc will use it when celebrating the 10<sup>th</sup>, 15<sup>th</sup> and 20<sup>th</sup> anniversaries of the Copper Plant. Dmitry responded that the 10-millionth copper cathode will be produced well before the 10<sup>th</sup> anniversary!

32 representatives of the Copper Plant team were awarded with the certificates of honor from CEO, Kazzinc administration, Director of Ust-Kamenogorsk Metallurgical Complex, Kazzinc Avtomatika, Kazzinc Remservice and KazzincTrans.

There were a lot of live speeches and video messages from the managers, engineers and workers. Salim Kabdulashov, a furnace operator at the Copper Smelter who has been involved in the project from its very inception, said, 'It was a challenge, especially commissioning – we were gaining experience and learning how to run this new process. Today we can be proud of our achievements – now we are a step ahead of others. I congratulate all of you – our first five-year period is over!'

The young age is certainly not an obstacle, and the Copper Plant has its own traditions already. The shifts compete in achievement of key production and business goals. The quarterly Best in Profession contests are held. The training sessions and workshops for the Copper Plant personnel are conducted by the most experienced expats, such as Narain Goyal, the Copper Plant manager. 'I am quite sure that the Copper Plant will continue its journey to success and soon become a leader among the global copper manufacturers', Narain said.

Despite of the plant's young age, its personal are proud of their small victories, e.g. labor dynasties. The Rystovs' and Aldiyarkhanovs' dynasties with the total 7 and 10 year work experience received the Dynasty Passports. A young family of Svetlana Ostanina and Fedor Malyshev was also honored – they met at the Copper Refinery and married. In 2017 Bogdan, their little son, will be 5. Alina Zhanykina, shift supervisor and Dmitry Gerassimov, electrolysis cell operator pronounced a symbolic Young Metallurgists' Oath – probably soon this will become another tradition adopted at the Copper Plant!

By the way, the Copper Plant has its own anthem which was a final creep-giving chord of the anniversary event – 'Our Copper Plant, you are the pride of Kazzinc; you are a star in UKMC constellation...'

Alena Ermolayeva